

## Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 тамызда № 15452 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.10.2018 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2017 жылғы 27 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Т. Сүлейменов

2017 жылғы 5 шілде

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2017 жылғы 9 маусымдағы  
№ 237 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау Қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығы) айналысатын тауар өндірушілер мен өзге де жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тауар өндірушілер) акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және оның шегінде бюджеттік субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға

олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) акваөсіру – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жасанды өсімін молайту және өсіру;

3) балық өсіру – кәсіпкерлік қызмет мақсатында акваөсірудің балықтардың өсімін жасанды жолмен молайту және өсіру бағыты.

**Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Субсидиялар акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін бекіре, арқан балық және тұқы тұқымдас балық түрлері мен олардың будандарын өсіру кезінде пайдаланылатын азықты сатып алуға жұмсалатын, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес есептелеңтін шығындардың 30 % өтеуге арналады.

4. Бюджеттік субсидиялардың мөлшерін анықтау кезінде пайдаланылатын акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің 1 (бір) килограмын өндіруге жұмсалатын азық шығынының нормативі осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес айқындалады.

5. Субсидиялау көлемдері бойынша ұсыныстарды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі – Басқарма) нөмірлейді, тігеді, мөрмен бекітеді және екі данада облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарушы адам қол қойған ілеспе хатпен тиісті жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) мақұлдауға ұсынады.

Министрлік ұсынылған субсидиялау көлемдерін Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының АгроОнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының болжамды көрсеткіштеріне сәйкестігін қарайды.

Оң шешім қабылданған жағдайда Министрлік субсидиялау көлемдерінің бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей қайтарады.

Теріс шешім қабылданған жағдайда Министрлік субсидиялау көлемдерінің екі данасын дәлелді түрде негізделген хатпен тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей пысықтауға жібереді.

Субсидиялау көлемдері бойынша пысықталған ұсыныстар екі данада облыстың республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарушы адам қол қойған ілеспе хатпен Министрлікке тиісті жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей қайта макұлдауға беріледі.

Министрлік макұлданған субсидиялау көлемдерінің бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 5 ақпанынан кешіктірмей қайтарады.

Субсидиялау көлемдері 10 ақпаннан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

Қаулы бекітілгеннен кейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы әкімдігі екі жұмыс күні ішінде оны өзінің ресми интернет-ресурсына орналастырады және екі жұмыс күні ішінде оның орналастырылғаны туралы Министрлікті хабардар етеді. Министрлік субсидиялау көлемдерін олардың бұдан бұрын макұлданған субсидиялау көлемдеріне сәйкес келуі түрғысынан салыстырып тексереді.

#### 6. Субсидиялауға мыналар жатпайды:

1) тауар өндірушілердің басқа жеке және (немесе) занды тұлғалардан одан әрі қайта сату және (немесе) өндеу үшін сатып алған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімі;

2) тауар өндірушілердің басқа жеке және (немесе) занды тұлғалардан одан әрі қайта сату үшін сатып алған балық азығы;

3) тауар өндірушілердің өзара есеп айырысу есебіне баспа-бас айырбас бойынша өткізген немесе бұдан бұрын субсидияланған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімі;

4) балықтардың аса қауіпті аурулары бойынша карантин немесе шектеу іс-шаралары жүргізіліп жатқан кезеңде өсірілген балық және одан дайындалған өнімді өткізу.

#### 7. Субсидиялар тауар өндірушілерге:

1) өсірілген және өндеу үшін өткізілген балықтың;

2) өсірілген және сауда желісі арқылы өткізілген балықтың нақты көлемдері үшін ғана төленеді.

8. Субсидиялар алуға қойылатын талап балық өсіру шаруашылығы өнімін өндіруді осының алдындағы жылғыдан төмен болмайтындей көлемде қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл талап тауар өндірушілерге балық өсіру шаруашылығы саласындағы қызметтің бірінші жылында қойылмайды.

9. Субсидиялар алуды жоспарлап отырған тауар өндірушілер тиісті жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей тиісті ауданың немесе облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы бөліміне (бұдан әрі - Бөлім) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанмен акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын тауар өндірушілер бойынша мәліметтер береді. Тиісті жылдың 3 ақпанынан кешіктірмей Бөлім аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын тауар өндірушілер туралы мәліметтерді жинақтап (бұдан әрі – Жиынтық тізбе), Басқармаға жолдайды. Облыс бойынша жиынтық тізбені Басқарма Министрлікке тиісті жылдың 5 ақпанынан кешіктірмей жолдайды.

## 2-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

10. Балық азығы үшін тиесілі субсидиялар сомасы тауар өндірушілердің етінімдері басшылыққа алынып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = O_{\text{п}} \times H_p \times C_{\text{азық}} \times 30 \% , \text{ мұнда:}$$

$C$  – балық азығы үшін тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

$O_{\text{п}}$  – акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің көлемі, килограмм;

$H_p$  – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бюджеттік субсидиялардың мөлшерін анықтау кезінде пайдаланылатын акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің 1 (бір) килограмын өндіруге жұмсалатын азық шығынының нормативі;

$C_{\text{азық}}$  – бір килограмм балық азығының құны, теңге.

Балық азығы, орау, таңбалау және республиканың тиісті өніріндегі жеткізу (босату) бекетіне дейінгі көлік шығындарының құнында қосылған құн салығы ескерілмейді.

11. 1 (бір) килограмм акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өніміне жұмсалған шығынға шаққанда балық азығына болінетін субсидиялар сомасы: албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 360 теңгеден; бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 300 теңгеден; тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін 30 теңгеден аспауы тиіс.

## 3-тарау. Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен өнім сапасын

### арттыруға субсидиялар алу тәртібі

12. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі осы Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде және кейіннен жыл сайын 15 қантардан кешіктірмей ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі орынбасарының төрағалық етуімен акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау мәселелері бойынша облыстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Облыстар деңгейінде құрылатын Комиссияның құрамына Басқарманың және облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария басқармасының, Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелерінің мамандары кіреді, сондай-ақ құрамға жергілікті өкілді органдардың депутаттары, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өнірлік кәсіпкерлер палаталарының және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органды белгіленген тәртіппен аккредиттелген балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері респубикалық қауымдастырының өкілдері кіруі мүмкін. Комиссияның жұмыс органы Басқарма болып табылады. Комиссия отырыстары он күн сайын өткізіліп тұрады.

13. Тауар өндірушілердің өтінімдерін қабылдау тиісті жылдың 1 наурызынан басталып, 10 желтоқсанында аяқталады.

Өтінімдерді қарau мерзімі оларды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайды.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Субсидиялар алу үшін тауар өндірушілер азықтар сатып алуға жұмсалған шығындардың нәтижелері бойынша Басқармаға не Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде өтінім (бұдан әрі – Өтінім) ұсынады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Тауар өндірушілер Өтінімде көрсетілген деректердің шынайылығын қамтамасыз етеді.

16. Өтінімді қабылдау кезінде Басқарма немесе Мемлекеттік корпорация ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Өтінімде көрсетілген құжаттардың толық ұсынылмау және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Тауар өндірушілер түзетілген немесе толықтырылған Өтінімді қайта енгізе алады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тауар өндірушіге Өтінімді қабылдау кезінде күні және уақыты, Өтінімді қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Басқарма Өтінімдерді олар келіп түскен күні тігілген, нөмірленген және мөрмен бекемделген бөлек журналда тіркейді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Басқарма Комиссия отырысы өткізілгенге дейін екі күн бұрын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша жиынтық акт қалыптастырады және оны Комиссияның қарауына жібереді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Комиссия екі жұмыс күн ішінде тауар өндірушінің Өтінімін осы Қағидалардың 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігі түргышынан тексереді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Комиссия отырысының қорытындылары бойынша тауар өндірушіге субсидия беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, Басқарма бір жұмыс күн

ішінде хаттама жобасын және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша оң шешім қабылданған тауар өндірушілердің тізбесін жасайды.

Комиссия отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Басқарма тауар өндірушінің банктегі шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін төлем шоттарының тізілімін қалыптастырады және оны аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беру туралы хабарлама жібереді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Комиссия отырысының қорытындылары бойынша тауар өндірушіге субсидия беру туралы теріс шешім қабылданған жағдайда, Басқарма бір жұмыс күні ішінде хаттама жобасын және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша оларды ұсынбау себептерін көрсете отырып, теріс шешім қабылданған тауар өндірушілердің тізбесін жасайды.

Субсидиялар берудегі теріс шешім "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабы 2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша қабылданады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. Хаттамаға Комиссия мүшелері бір жұмыс күні ішінде қол қояды.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Басқарма Комиссия отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде кейіннен бір жұмыс күні ішінде тауар өндірушіге (өтінім берушіге) беру үшін қарау нәтижелерін қысқаша сипаттай отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысанмен әрбір тауар өндіруші (өтінім беруші) бойынша Өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама қалыптастырады.

Өтінім Мемлекеттік корпорация арқылы қабылданған жағдайда, Өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама Мемлекеттік корпорацияға жолданады.

Мемлекеттік корпорация филиалына жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсете мерзіміне кірмейді, бұл ретте Басқарма мемлекеттік

қызмет көрсетеу нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімінің аяқталуына бір күн қалған кезде Мемлекеттік корпорацияға береді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

#### **4-тaraу. Субсидиялау бойынша есептілік**

25. Басқарма Өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша он күн сайын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының әкімдігінің ресми интернет-ресурсында тауар өндірушінің атауы және Комиссияның шешімі көрсетіліп, тауар өндірушілердің субсидиялар алуға берген Өтінімдерін қарау нәтижелері туралы ақпарат жариялады.

Басқарма Министрлікке бюджет қаражатының игерілуі бойынша есепті осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде және субсидиялар төлеу туралы ақпаратты есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 8-қосымшага сәйкес нысан бойынша жыл сайын жібереді.

Акваөсіру (балық өсіру  
шаруашылығы) өнімділігін және  
өнім сапасын арттыруды  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша

**Бюджеттік субсидиялардың мөлшерін анықтау кезінде пайдаланылатын  
акваөсірудің  
(балық өсіру шаруашылығы) 1 (бір) килограмм өнімін өндіруге  
жұмсалатын  
азық нормативі**

№	Тауарлық балық өсіру өнімінің түрі	Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) 1 (бір) килограмм өнімін өндіруге жұмсалатын азық мөлшері, килограмм
1.	Албырт және оның буданы	1,2
2.	Бекіре және оның буданы	1,5
3.	Тұқы және оның буданы	4,0

Акваөсіру (балық өсіру  
шаруашылығы) өнімділігін және  
өнім сапасын арттыруды

субсидиялау қагидаларына  
2-қосымша  
Әкімшілік деректер жинауга  
арналған нысан

## Акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын тауар өндірушілер бойынша мәліметтер

20 \_\_ жылғы есептілік кезеңі

Индексі: 1-БАЛЫҚ

Кезеңділігі: жыл сайын

Акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын тауар өндірушілер береді

Қайда жіберіледі: аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы бөлімдеріне

Жіберу мерзімі: жыл сайын, есептің жылдан кейінгі жылдың ақпан айының біріне (қоса есептегендегі) дейінгі мерзімде

№	Шаруашылық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі	мекенжайы (накты, заңды, телефондары түрі, электрондық мекенжайы)	шаруашылық күрыл-ған жылды	жұмыс істеушілердің жыл-дық орташа саны	сүйайдының алқабы, га / жобалық куаты	өсірілетін балық түрлері	балық өсіру материалының көзі
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
3							

Басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (мөр) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Ескертпе: толтыру бойынша түсіндірме әкімшілік деректер жинауга арналған осы "Акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын тауар өндірушілер бойынша мәліметтер" нысанына қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректер жинауга  
арналған "Акваөсірумен (балық  
өсіру шаруашылығымен)  
айналысатын тауар өндірушілер  
бойынша мәліметтер" нысанына  
қосымшада

**Экімшілік деректер жинауға арналған "Ақваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен)  
айналысатын тауар өндірушілер бойынша мәліметтер" нысанын толтыру  
бойынша  
түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Экімшілік деректер жинауға арналған "Ақваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілер бойынша мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) жүргізудің негізгі міндеті "Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) саласында жұмыс істейтін субъектілер жайында ақпараттық сипатта.

2. Толтырылған Нысан аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы бөлімдеріне беріледі.

3. Көрсеткіштер осының алдындағы жылдың нақты деректері бойынша қалыптастырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда - оның міндеттерін атқарушы адам қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысанның 2-бағанында шаруашылықтың атауы және жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында субъектінің нақты және занды мекенжайы, телефондары және электрондық мекенжайы көрсетіледі.

7. Нысанның 4-бағанында шаруашылықтың түрі көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында құрылған жылдың көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында жұмыскерлердің жылдық орташа саны көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында су айдынының алқабы және жобалық қуаты көрсетіледі.

11. Нысанның 8-бағанында өсірілетін балық түрлері көрсетіледі.

12. Нысанның 9-бағанында балық өсіру материалының көзі көрсетіледі.

13. Нысанның 10-бағанында балық азығын жеткізіп берушілер көрсетіледі.

14. Нысанның 11-бағанында сумен жабдықтау көзі көрсетіледі.

15. Нысанның 12-бағанында ескертпе көрсетіледі.

Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына

3-қосымша

## **Ауыл шаруашылығы басқармасына Өтінім**

**Ескерту.** З-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Тауар өндіруші: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ тауар өндірушінің атауы)

2. БСН/ЖСН \_\_\_\_\_

(жеке/занды тұлға үшін)

3. Тауар өндірушінің мекенжайы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(өнірдің, елді мекеннің атауы)

4. Шаруашылықтың есепке алу нөмірі (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1.	Алдыңғы жыл үшін өсірілген және өткізілген тауарлы өнім туралы мәліметтер көрсетілген балық аулау және акваөсіру туралы статистикалық есептіліктің "1-балық" нысанынан үзінді-көшірме	<p>Күжат(тар) атауы</p> <p>Күні және кезеңі</p> <p>Алдыңғы жыл үшін өткізілген акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің нақты көлемі, тонна</p> <p>Тіркеу нөмірі және статистика органдарының есепті қабылдаған күні (бар болған жағдайда)</p>	
2.	Кәсіпорындардың жобалық қуатын растайтын құжаттар	<p>Ағымдағы кезең үшін өткізілген акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің нақты көлемі, тонна</p> <p>Ағымдағы жыл үшін акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірудің болжамды көлемі, тонна</p>	

		Шарттың немесе кассалық чектін/ кіріс ордерінің нөмірі (әрбір чек/ ордер бойынша көрсетіледі)
		Жасалған күні
3.	Азық немесе ингредиенттер* сатып алуға арналған шарт немесе сатып алынғанын растайтын құжаттар	Сатып алынған азықтың немесе ингредиенттердің* атавы және түрі
		Азық немесе ингредиенттер* өткізген ұйымның атавы
		Сатып алынған жемнің немесе ингредиенттердің* көлемі, тонна
		Өсірілген балықты өткізуудің мәлімделген көлеміне жұмсалатын азық немесе ингредиенттер* шығысының көлемі
4.	Өнімнің өткізілгенін растайтын құжаттар	Құжат(тар) атавы
		Нөмірі(лері) (бар болған жағдайда)
		Құжатта(тарда) көрсетілген күн
		Өткізілген өнім көлемі
		Контрагент (алушы)
5.	Өнім өткізілгенін растайтын құжаттар (өнім дербес өткізілген жағдайда толтырылады)	Кассалық чектің нөмірі мен күні (әрбір чек бойынша көрсетіледі)
		Өткізілген өнім көлемі, килограмм (әрбір чек бойынша көрсетіледі)
6.	Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы екінші денгейдегі банктің немесе Ұлттық пошта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН
		Кбе
		Банктің немесе Ұлттық пошта операторының деректемелері: Банктің немесе Ұлттық пошта операторының атавы:
		БСК
		ЖСК
		БСН
		Кбе

Ескертпе:

\* өзі өндірген азық пайдаланылған жағдайда, пайдаланылған ингредиенттерді  
растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну қажет.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер  
бергенім

үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік  
жайында

хабардармын. Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны

құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

Бас бухгалтер (бар болса)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

Мөр (бар болса) орны

20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_

Отінім қаралуға 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта қабылданды.

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің

(қолы)

аты (барған жағдайда)

(кесу сзығы)

Талон

№ \_\_\_\_\_

Отінім қаралуға 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта қабылданды.

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің

(қолы)

аты (бар болған жағдайда))

Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және

өнім сапасын арттыруды

субсидиялау қағидаларына

4-қосымша

Нысан

**облысы (республикалық  
манызы бар қала, астана) бойынша жиынтық акт 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
\_ үшін (ай)**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыйғымен.

№	Тауар өндірушінің (өтінім берушінің) атауы	Жеке сәйкестен-діру н е м і р і / бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Тауар өндірушінің өтінімі қабылданған күн	Субсидияланатын балық түрі	Субсидияланатын балық көлемі, тонна	Азықтың немесе ингредиенттің атауы және түрі	Пайдалан азықтық немесе ингредиен көлемі, то
1	2	3	4	5	6	7	8

1						
2						
	Жиыны					

## Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (мөр) (қолы)  
Қаржы басқармасының басшысы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (мөр) (қолы)

Ақваөсіру (балық өсіру  
шаруашылығы) өнімділігін және  
өнім сапасын арттыруды  
субсидиялау қағидаларына  
5-қосымша  
1-нысан  
"Бекітемін"

облысы  
(респубикалық маңызы бар  
қала, астана)  
әкімнің орынбасары – комиссия  
төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда), қолы,  
мөр)  
20\_\_жылғы "\_\_

---

**Субсидиялар беруде оң шешім қабылданған тауар өндірушілер тізбесі \_\_**  
**облысы (респубикалық маңызы бар қала, астана) бойынша**  
**20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ үшін (ай)**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Тауар өндірушінің (өтінім берушінің) атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес-сәйкестендіру номірі	Тауар өндірушінің отінімі қабылданған күн	Субсидияланатын балық түрі	Субсидияланатын балық көлемі, тонна	Азықтың немесе ингредиенттің атауы және түрі	Пайдалан азықтың немесе ингредиентінде көлемі, то
1	2	3	4	5	6	7	8

1					
2					
	Жиыны				

Комиссия мүшелері:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

2-нысан

"Бекітемін"

облысы

(респубикалық маңызы бар  
қала, астана)

әкімінің орынбасары – комиссия  
терағасы

(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда), қолы,  
мөр)

20\_\_ жылғы "\_\_\_"

---

## Субсидиялар беруде теріс шешім қабылданған тауар өндірушілер тізбесі

облысы (респубикалық маңызы бар қала, астана)

бойынша 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ үшін

(ай)

№	Аудандардың атауы	Тауар өндірушінің (өтінім берушінің) атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі /бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Тауар өндірушінің өтінімі қабылданған күн	Субсидияның берілмеу себептері
1	2	3	4	5	6
1					
2					

Комиссия мүшелері:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

Ақваөсіру (балық өсіру)

шаруашылығы) өнімділігін және  
өнім сапасын арттыруды  
субсидиялау қафидаларына  
6-қосымша  
Нысан

## Отінімді қарау нәтижелері туралы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2018 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№\_\_\_\_\_ хабарлама  
20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Таярап өндіруші \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Жүргіну мақсаты \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(субсидияланатын бағыт)

Жүргінген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Комиссияның шешімі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

облысы

(республикалық маңызы бар қала, астана)

Ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (мөр) (қолы)

Акбаесіру (балық өсіру)  
шаруашылығы) өнімділігін және  
өнім сапасын арттыруды

субсидиялау қагидаларына  
7-көсүмшә  
Әкімшілік деректер жинауға  
арналған нысан

## **Бюджет қаражатын игеру туралы есеп**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_ үшін есепті кезең  
\_\_\_\_\_ облысы (республикалық маңызы бар қала, астана)  
бойынша

## Индексі: З - БАЛЫҚ

## Кезеңділігі: ай сайын

Облыстардың жергілікті атқаруышы органдарының (республикалық маңызы бар қала, астана) ауыл шаруашылығы басқармалары береді

Қайда жіберіледі: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесіне (қоса есептегенде) дейінгі мерзімде

## Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (мөр) (қолы)

## Қаржы басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (мөр) (қолы)

Ескертпе: толтыру бойынша түсіндірме әкімшілік деректер жинауға арналған осы "Бюджет қаражатын игеру туралы есептілік" нысанына қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректер жинауға арналған "Бюджет қаражатын

## **Әкімшілік деректер жинауға арналған**

### **"Бюджет қаражатын игеру туралы есептілік" нысанын толтыру жөнінде түсіндірме**

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Әкімшілік деректер жинауға арналған "Бюджет қаражатын игеру туралы есептілік" нысанын (бұдан әрі - Нысан) жүргізуідің негізгі міндеті акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға бағытталған бюджет қаражатының игерілуіне мониторинг жасау болып табылады.

2. Толтырылған Нысанды ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-іне облыстардың жергілікті атқарушы органдарының (республикалық маңызы бар қала, астана) ауыл шаруашылығы басқармалары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.

3. Көрсеткіштер ағымдағы есепті кезеңнің бірінші күніне қаражат игерудің нақты деректері бойынша қалыптасады.

4. Нысанға бірінші басшы, ал ол болмаған жағдайда - оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

#### **2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысанның 2-бағанында тауар өндірушінің (өтінім берушінің) атауы және жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында субсидияланатын балықтың түрі көрсетіледі.

7. Нысанның 4-бағанында осының алдындағы жылы сатылған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің нақты көлемі көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында ағымдағы жылы акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірудің болжамды көлемі көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында бір жылға жоспарланып отырған субсидияланатын балықтың көлемі көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында бір жылға жоспарланып отырған субсидияланатын азық көлемі, тонна, көрсетіледі.

11. Нысанның 8-бағанында бір жылға бекітілген субсидиялар сомасы көрсетіледі.

12. Нысанның 9-бағанында субсидияланған балықтың көлемі көрсетіледі.

13. Нысанның 10-бағанында ағымдағы қүнге макұлданған субсидияланатын азық көлемі көрсетіледі.

14. Нысанның 11-бағанында ағымдағы қүнге макұлданған субсидиялар сомасы көрсетіледі.

15. Нысанның 12-бағанында төленген субсидиялар сомасы көрсетіледі.

Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 8-қосымша  
Әкімшілік деректер жинауга арналған нысан

## Субсидиялар төлеу туралы ақпарат

20\_\_ жыл үшін есепті кезең

\_\_\_\_\_ облысы (республикалық маңызы бар қала, астана)  
бойынша

Индекс: 4 - Б А Л Ы Қ

Кезеңділігі: жыл сайын

Облыстардың жергілікті атқарушы органдарының (республикалық маңызы бар қала, астана) ауыл шаруашылығы басқармалары береді

Қайда жіберіледі: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың қаңтар айының онына (қоса есептегенде) дейінгі мерзімде

№	Субсидия алышының атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәй-кестендіру нөмірі	Субсидияланған балықтың түрі	Субсидияланған балықтың көлемі, тонна	Төленген субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
ауданы (облыстық маңызы бар қала)					
ауданы (облыстық маңызы бар қала)					
Жиыны					

Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (мөр) (қолы)

Каржы басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (мөр) (қолы)

Ескертпе: Толтыру бойынша түсіндірме әкімшілік деректер жинауга арналған осы "Субсидиялар төлеу туралы ақпарат" нысанына қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректер жинауға арналған  
арналған "Субсидиялар төлеу туралы  
туралы ақпарат" нысанына  
қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған  
"Субсидиялар төлеу туралы ақпарат"  
нысанын толтыру туралы түсіндірме  
1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы әкімшілік деректер жинауға арналған "Субсидиялар төлеу туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі - Нысан) жүргізудің негізгі міндеті акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға бағытталған субсидиялар төлеу туралы мониторинг жасау болып табылады.

2. Толтырылған нысанды жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін облыстардың жергілікті атқарушы органдарының (республикалық маңызы бар қала, астана) ауыл шаруашылығы басқармалары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.

3. Нысанға бірінші басшы, ал ол болмаған жағдайда - оның міндетін атқарушы адам қояды.

**2-тaraу. Нысанды толтыру туралы түсіндірме**

4. Нысанның 2-бағанында субсидия алушының атауы көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында субсидияланатын балықтың түрі көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында субсидияланған балықтың көлемі көрсетіледі.

8. Нысанның 6-бағанында төленген субсидиялар сомасы көрсетіледі.